

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ АЛДЫН-АЛУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

Төлен Алматы Мұратханұлы
almat.tolen00@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті заң факультетінің «5В030100 – құқықтану» мамандығының 3-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: Нұридин Сандуғаш Нұридинқызы

Қазіргі таңда қоғамның экономикалық және саяси өміріндегі тұрақсыздық салдарынан қылмыстылық кәмілетке толмағандар арасында етек ала бастады. Осы уақытқа дейін кәмілетке толмағандардың қылмыстылығы біртұтас криминологиялық санат ретінде қаралады. Қылмыстылық бұл салыстырмалы жаппай, тарихи өзгермелі әлеуметтік, қылмыстық-құқықтық сипатқа ие, сонымен қатар белгілі бір мемлекетте белгілі бір уақыт аралығында жасалған қылмыстардың жиынтығынан тұратын таптық қоғамның құбылысы. Қылмыстылықтың келесідей сапалық-сандық да көрсеткіштермен өлшенеді: яғни, қылмыстылықтың мөлшері, деңгейі, құрылымы, динамикасы (қозғалысы). Қылмыскердің жеке тұлғасы, оның қоғамға қайшы көріністердегі рөлі мен орны, оның жеке тұлғалық ерекшеліктері туралы мәліметтер қылмыстың себептері туралы ақпаратты қамтиды. Қылмыскердің жеке тұлғасы сондай-ақ жаңа қылмыстардың (қылмыстың қайталануы – рецидив) алдын алу үшін тікелей зерттеледі. Қылмыстылықтың себептері мен жағдайлары (криминогендік факторлар, детерминанттар) қылмыстылықты тудыратын және соған себеп болатын жағымсыз экономикалық, демографиялық, психологиялық, саяси, басқарушылық-ұйымдастырушылық құбылыстар мен үдерістердің жүйесін қамтиды.[1. 68,б]

Қазақстан Республикасының әрекет етіп отырған Қылмыстық кодексі бойынша қоғамға қауіп төндіретін әрекеті үшін қылмыстық жауапкершілікке қылмыс жасағанға дейін жасы он алтыға толған тұлға тартылады. Сонымен бірге кәмілетке толмаған жасөспірім қылмыстың қоғамдық қауіпін түсінетін кезде, қылмыстық жауапкершілікке он төрт жастан тартылады. Осындай қылмыстардың тізімі Қылмыстық кодексінің 15 бабында анықталған.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 27 бабына сәйкес мемлекетпен танылатын және қорғалатын маңызды құндылықтардың бірі болып табылып, балалық шақ мемлекет қорғауында болып табылады.

БҰҰ-ның Бас ассамблеясы 1989 жылғы 20 қарашада Бала құқықтары туралы Конвенцияны қабылдады. Бала құқықтары туралы Конвенция бүгінгі таңда 191 мемлекет қосылған, оның ішінде Қазақстан Республикасы да бар. Конвенция декларативтік акті болып есептелмейді. Бұл әлемдік қауымдастыққа кіретін мемлекеттер жасаған көп жақты заңды міндетті құжат.

Осындай заңдар қабылданып нәліктен кәмілетке толмағандардың қылмыс жасауы артуда? - деген сұрақ туындайды. Соңғы жылдарда объективтік түрде келесіні мойындау қажет: Кәмілетке толмағандарды адамгершіліктік, құқықтық және физикалық тәрбиелеуге жеткілікті көңіл бөлінбейді, оған кейде аса қатігездікпен олардың тарапынан жасалатын қылмыстық әрекеттердің санының өсуі куә болады. Олардың негізгі себептерін айтып кетсек:

Бірінші себеп, ата-аналар тәрбиесінің жеткіліксіз болуы. Көпке топырақ шашуға болмайды. Бірақ үйде тәрбиелеу барысында қажетті тәрбиенің дұрыс берілмеуі, оның ішінде адами қасиеттерді үйретудің аздығы, яғни: кешірімділік, қамқорлыққа жақсылыққа үйрету қасиеттерінің аздығы.

Екінші себеп-қоғамдағы қылмыстың артуына нашарлық пен алкогольизмнің салдары болып тұр. Еуропа ғалымдары мәдениет мәжбүрлеуден басталады деп айтып кеткен, яғни менің ойымша саналы түрде жаман қылықтарды жасамауды мәжбүрлеуіміз керек. Ал жаман қылық болмаса жаман істе болмайды деп ойлаймын.

Үшінші себеп-қоғамдағы жастар өз уақыттарын бос және тиімсіз пайдаланады. Англия ғалымдары қолы бос адам ол уақыты жоқ адамдар деп айтып кеткен. Сол себептен жастардың бос уақытында тиімді іспен айналысса ел болашағына азда болса үлкен кірпіш қалайтын еді. Ол үшін мемлекет тарапынан көмек, қолдау болуы тиіс.

Міне осы себептер басты орында тұр. Кәмелетке толмағандар қылмыстылығының құрылымын меңгеруде және олардың әртүрлі қылмыс қатарын жасаудағы ерекшелігін оқып білуде олармен жасалатын ұрлық, тонау, қарақшылық, бұзақылық қылмыстарына тән сипаттамаға көңіл бөлген жөн. Сондай-ақ жасы кәмелетке толмаған қылмыскерлердің, тұлғалардың криминологиялық сипаттамасы бұл негізгі мәселе болып табылады. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жүріс-тұрысын анықтайтын психикалық ерекшеліктері, олардың құқықтық көзқарасына байланысты деп ойлаймын. Бұл ерекшеліктерді білу жасы кәмелетке толмағандар қылмыстылығының жалпы және жеке алдын алу жұмыстарын тиімді жүзеге асыруда қажетті болып табылады. Статистикалық мәліметтерге байланысты қазіргі таңда кәмелетке толмағандардың қылмыстық жасауы өскен. Осы себептен кәмелетке толмағандар қылмыстылығын алдын алу жүйесін алдын алу керек [2.89.б.].

Қылмыс орындалып - жаза іздегенше, қылмыстың орындалмауы үшін тиімді заң керек деп ойлаймын.

Қылмыстылықтың алдын алу үшін 2002 жылы «Қазақстан Республикасындағы балалар құқығы туралы» заң қабылданды. Аталған заң балалардың негізгі құқықтары мен мүдделерін жүзеге асырумен байланысты пайда болатын қатынастарды реттейді. Оның ішіндегі қатынастар төмендегідей қағидаларға сүйенеді:

- Балаларды қоғамда толыққанды өмір сүруге дайындау;
- Олардың бойындағы қоғамдық және шығармашылық белсенділікті дамыту;
- Жоғары саналы, патриоттық және азаматтық қасиеттерді дамыту;
- Әлемдік өркениеттің жалпы адамзаттық құндылығына негізделген ұлттық сана сезімін қалыптастырып, рухани жаңғыру.

Қазақстан Республикасының Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы 2004 жылғы 9 шілдедегі заңы. Осы заңда кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы саласындағы мемлекеттік органдардың негізгі міндеттері туралы айтылып кеткен. Яғни оның ішінде:

- 1) Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз, панасыз қалудың және қоғамға жат іс-әрекеттердің алдын алып, олардың жасалуына ықпал ету және жою;
- 2) Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;
- 3) Өмірде қиын жағдайға душар болған кәмелетке толмағандарды әлеуметтік оңалту;
- 4) Кәмелетке толмағандардың заңға мойынсұнушылық мінез-құлқын қалыптастыру;
- 5) Кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтар немесе қоғамға жат іс-әрекеттер жасауға тарту фактілерін анықтап, жолын кесу;
- 6) Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын-алу жөніндегі заңды тұлғалардың қызметін үйлестіру болып табылады.

Осы қабылданған заңдар арқылы барынша кәмелетке толмағандардың қылмысты жасауын алдын алуымыз тиіс. Осы негізде тағыда тиімді жолдарын ұсынуға болады. Солардың ішінде:

- 1) Жастарды білім алудан тыс кезде барынша қоғамдық жұмыстарға белсенді болуына түрлі іс шаралар жасау және соған байланысты белгілі бір сыйлықтар берілу. Яғни баланың бір нарсеге деген мотивциясын ояту, қабілеттілігін арттыру.

2) Мектептегі үйірмелердің саны мен сапасын арттыру. Әлеуметтік жағдайы төмен

отбасыларға тегін қатысу мүмкіндігін жасау. Мемлекет тарапынан қамтамасыз ету.

3) Кәмелетке толмағандардың арасында әртүрлі құқықтық іс-шараларды өткізу. Құқықтану сабағынан жарыстар өткізу және осыған байланысты ақшалай сыйлықтар жасау.

4) Спорттық секциялардың сапалы әрі көп және қолжетімді болуы тиіс

5) Мектеп бағдарламасына: әр сабақтан соң бес минуттық құқықтық негізгі мағұлматтар айтылуы керек.

Осындай қағидаларды заң жүзіне енгізсек артық болмайды. Салауатты, бәсекеге қабілетті ұрпақ жасауға ең алдымен заң жүзімен шақырылуы керек деп санаймын.

Атап айтқанда қазіргі уақытта кәмелетке толмағандардың қылмыс жасалуы күніге болатын мемлекеттің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Қылмыстық кодекстің 80 бабында көзделгендей он төртке толған бірақ он сегізге толмаған адамдар танылады. Ал қылмыстық іс жасалған кезде судьялар осы кодекстермен, заңдарға сүйеніп шешім шығарады. Ал орыстың заңгері А.Ф.Кони айтқандай, - "қылмыстық процесс судьяларды тірі адаммен бетпе-бет қояды, бұл сотқа әрбір істі дұрыс шешу үшін ерекше жауапкершілік жүктейді. Бұл жауапкершілік, сотталушы орындығында кәмелетке толмаған бала, яғни жасөспірім отырса, бірнеше есе өседі" [3.51,6].

Жасөспірімдердің құқық бұзушылығына алғаш табалдырығын аттауға себеп болатын әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-материалдық жағдай, қоршаған орта мәселелері болып келеді. Яғни бұл дегеніміз бір жақты мәселе емес және олай болуы мүмкін емес, бұл жан-жақты жасөспірімге ықпал ететін мән жайлар екенін түсінуіміз керек. Ал қылмысты болдырмау үшін оны алдын алу ең тиімді, әрі шешімін табудың кезекті күттірмейтін мәселесі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қылмыстық құқық (Жалпы бөлім) А.Н.Ағыбаев; 1. 68,б.
2. Сатыбалды Л. Формы вовлечения несовершеннолетних в преступную деятельность – Алматы 2.89.б.
3. Мауленов Г. Основные характеристики преступности в Республике Казахстан-Алматы, 1999 ж. 3.51,б.
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жылы 30 тамыз.
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылы 3 шілде.
6. БҰҰ Бала құқықтары туралы Конвенция; 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы;
7. Қылмыстық іс-жүргізу кодексі 2014 жылғы 4 шілде.
8. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы Заң 2004 жылғы 9 шілде.
9. ҚР-ғы балалар құқығын қорғау туралы заңы 2002 жылғы 8 тамыз.